<sup>1</sup>Kazakh research institute of economy of agro-industrial complex and rural development,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>International University of Humanities and technology, Shymkent, Kazakhstan

Аңдатпа. Экономиканы басқару әдісі – арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) құру талданған. Оларға тән ерекшеліктері мен негізгі белгілері анықталған. Өңірді жедел дамыту, республиканың АӨК-нің әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін жандандыру, тиімділігі жоғары құрылымдар құру, тауарлардың жаңа түрлерін өндіруді игеру, олардың сапасын жақсарту және ассортиментін ұлғайту, инвестициялар тарту мақсатында осы





серпінге ие болса, өсу қарқыны негізінен өсімдік шаруашылығының өсу қарқынының

баяулауы есебінен төмендейді.



Ескерту – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика Комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылған

1 сурет – 2014-2018 жж. аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдері мен қызметтерінің салалар бойынша жалпы өнім құны, млрд. тг

Республика бойынша 2018 жылы 21,9 млн га егістік жерлер пайдаланылды және ол көрсеткіш бойынша әлемде алтыншы орында тұр. Дәнді дақылдар егістігі 15,2 млн га құрады, оның ішінде бидай – 11,4 млн га, картоп – 1,9 млн га, майлы дақылдар – 2,8 млн га, техникалық – 1,5 млн га, көкөніс және бақша – 2,5 млн га, жемшөптік – 3,3 млн га құраған. Елде жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдері өте жоғары. Ал, ел бидай өндірісінен Канададан кейінгі екінші орында.

Ауыл шаруашылығын кешенді дамыту деңгейі әрқашан еліміздің экономикалық және әлеуметтік-саяси тұрақтылығының шешуші факторы болып қала бермек. Қазақстанның климаттық жағдайлары, қалыпты жылу белдеуі егін шаруашылығындағы барлық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына инновациялық жүйені, жаңа технологияларды енгізудің негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті жоғары сапалы өнім өндіру және өнімнің өзіндік құнын төмендету және ауыл шаруашылығы өнімдерінің ассортиментін кеңейту, ауыл шаруашылығы сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады [4].

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі әлеуеті көптеген ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау арқылы алдыңғы

қатарлы аграрлық ел болуына үлкен мүмкіндіктер береді. Қазақстан экспортқа астық, мақта, ет, былғары, қаракөл терілері шикізаттарын шығаруда және осы шикізаттарды прогресивті технологияның негізінде бәсекеге қабілетті дайын өнім өндіретін өнеркәсіптерді дамытуды қолға алған.

Ауыл шаруашылығына жаңа технологияны енгізу мүмкіндіктерін ашуда арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құрудың маңызы жоғары. Ал, ауыл шаруашылығында жаңа құрал-жабдықтардың өндірістік өнімділігін арттыруда дамыған заманауи инновациялар арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық кәсіпорындарын өндірістік кәсіпорындармен қатар, ауыл шаруашылығы қайта өңдейтін кәсіпорындар өндірісі өнімділігін арттыру және арнайы экономикалық аймақ төңірегіне шоғырландыра отырып, дамыған инфрақұрылымдық жүйеде өнімділігі мен сапа мәселесін шешу және импортқа төтеп беретін бәсеке қабілеттілікті және ассортименттік жүйесін жетілдіру еліміздің азық-түлік мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Ауыл шаруашылығы кластерін құру және экспортты арттыру мен импортты тежеу еліміздегі арнайы экономикалық аймақтарда берілген жеңілдіктер мен қолдаудың негізінде қамтамасыз етіледі.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы инновация мәселелеріне аса көңіл бөлін-



## Аграрная политика: механизм реализации


ген. Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақтарда инновациялық өндірісті дамытуға, технопарктерді құруда мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдаулар қарастырылған. Канадада ауыл шаруашылығының өндірісін инновациялық жүйемен жанастыруда мемлекеттік бағдарламалар және қолдаулар қарастырылған. Сондай-ақ аталған елде технологиялық жаңарудың міндеті ауыл шаруашылығы субъектілеріне жүктелген. Жапония үкіметінің ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету, ғылымды қажетсінетін жоғары технологияларды ынталандыру шараларының ішінде аймақтық дамудың бағдарламалары көрнекі орын алады. Мұндай бағдарламалардың бірі – «Технополис» бағдарламасы. Жапонияның шеткері аймақтарындағы аудандардың жедел экономикалық дамуының жоспары болса да, бір уақытта олардың ғылыми-техникалық әлеуетін ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар тұтас елдің ғылыми-техникалық прогрестің қалыптасуына ықпал етеді [5].

Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) интегралды және салалық болып екіге бөлінеді. Салалық арнайы экономикалық аймақта шаруашылықтың басым саласы жеделдете дамытылады. Арнайы экономикалық аймақ валюталық-қаржылық және салықтық жеңілдіктер беріледі, шетел капиталын тарту көзделеді. Шетелден әкелінген өнімге кеден салығы салынбайды не

салық мөлшері азайтылады, негізгі қорларды пайдалану мерзімі қысқартылады, ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем мөлшері кемітіледі. Сонымен бірге арнайы экономикалық аймақты қазіргі заманғы инфрақұрылыммен (телефон, телефакс т.б.), шикізатпен, еңбек ресурстарымен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелері де қарастырылады. Интегралды (яғни меншікті) арнайы экономикалық аймақта аймақ шаруашылығы жиынтық күйінде қаралады [6].

Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) әр түрлі түрлерін: сауда, экспорттық-өндірістік, ғылыми-технологиялық құру және дамыту көзделген және экономиканың басым салаларында құрылған. Әрбір АЭА-тың өз бағыты мен мақсаттары бар. Бірақ олардың барлығы жалпы функциямен біріктірілген – Қазақстан экономикасын әртараптандырудың катализаторы және елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламаның индикаторларына қол жеткізу құралы болу. АЭА-ның жалпы сипаты кедендік және салықтық жеңілдіктерді қамтитын қолайлы инвестициялық климаттың болуы болып табылады [7].

Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) құрылу ерекшеліктеріне байланысты негізгі үш топқа бөлуге болады және олар әр түрлі мақсаттар көздейді (2 сурет):



Ескерту – <http://business.gov.kz/ru/free-economic-zone/>

2 сурет – Арнайы экономикалық аймақтардың топтары



















Бұл ретте жекелеген аудандарда ол облыс бойынша орташа өнімділіктен едәуір жоғары болды. Байзақ және Шу аудандарында күздік бидайдың өнімділігі 24 ц/гадан астам болды, Қордай және Сарысу аудандарында дәндік жүгерінің өнімділігі сәйкесінше 66,3 және 68,5 ц/га-ды құрады.

Облыс бойынша қант қызылшасының өнімділігі төмен күйінде қалып отыр. Ол 181,5 ц/га құрады, ал Қордай ауданында 245,8 ц/га тең.

Майлы дақылдардың түсімділігі облыс бойынша орташа 7,8 ц/га құрады, олардың түрлері бойынша айтарлықтай айырмашылық қалыптасқан. Күнбағыстың өнімділігі – 13,1 ц, сафлордың – 6,8 ц/га болды. Күнбағыстың жоғары өнімін Жамбыл ауданының шаруашылықтары алды (19,1 ц/га), ал Жуалы және Талас аудандарында ол тиісінше 6,1 және 7,4 ц/га деңгейінде болды.

Облыс бойынша картоптың орташа өнімділігі – 227,1 ц/га, көкөніс өнімділігі – 264,6 ц/га, бақша дақылдары 265,7 ц/га құрады. Талас ауданында картоптың өнімділігі 161,6 ц/га құрады, ал Жамбыл және Шу аудандарында ол жоғары болды және тиісінше 240,7 және 249,0 ц/га, яғни 48,9 және 54,1% жоғары.

Қабылданған зерттеу әдіснамасына сәйкес проблемалар ауыл шаруашылығы дақылдарының жекелеген түрлерінің өнімділік, өзіндік құны және бәсекеге қабілеттілік индекстері есептелген. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділік индексі талдау дәнді масақты дақылдарды (бидай, арпа), сондай-ақ дәндік жүгеріні өсірудің неғұрлым перспективалы аймақтары ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала болып табылатынын көрсетті. Олардағы өнімділік индексі бірліктен асаты. Ең жоғары көрсеткіштерге Жамбыл, Қордай, Т.Рысқұлов атындағы, Сарысу аудандарында қол жеткізілді. Дәндік жүгеріні шөлді аймақты қоспағанда, екі аймақта орналастыру керек. Онда өнімділік индексі 1,14 және 1,13 шегінде болды.

Болашақта халықтың қантқа деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін техникалық дақылдар – қант қызылшасы алаңын кеңейту көзделіп отыр. Талдау оның егістіктерін ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында орналастыру керектігін көрсетті.

Картоп, көкөніс-бақша дақылдары өнімдеріне ішкі сұранысты қанағаттандырудың, сондай-ақ солтүстік облыстардың халқын көкөністермен қамтамасыз ету маңыздылығын және оларды өсірудің жоғары тиімділігін ескере отырып, облыста көкөніс-

бақша дақылдары егісін кеңейту қажет. Ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында картоп пен көкөніс-бақша дақылдары егістіктерін кеңейту перспективалы болып табылады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өзіндік құнының индекстері ортаазиялық таулы аймағы бидай, дәндік жүгері, көкөніс егістіктерін орналастыру және одан әрі кеңейту үшін қолайлы екенін көрсетті. Екінші – тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында өзіндік құн индексі бойынша жүгеріні дөнге, қант қызылшасын, көкөністер, бақша дақылдарын өсіру тиімді. Бау-бақша және жүзім шаруашылығы таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында дамуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілеттілік индексі талдау нәтижелері ортаазиялық таулы аймағы астық, оның ішінде бидай мен арпа, жүгері, қант қызылшасы, тау бөктеріндегі шөл дала аймағы жүгері, көкөніс пен қант қызылшасы дәнін өндіру үшін қолайлы екенін көрсетті. Дәнін алуға өңделетін осы аймақтағы жүгерінің бәсекеге қабілеттілік индексі – 1,29, сондай-ақ көкөністердікі – 1,23.

Облыстың табиғи-климаттық жағдайлары мал шаруашылығының барлық салаларын дамытуға мүмкіндік береді. 2018 жылы облыста 359 мың бас ірі қара мал, оның ішінде 158,3 мың бас сиыр, 2 610,5 мың бас қой мен ешкі, 116,9 мың бас жылқы, 18,6 мың бас шошқа, 6,2 мың бас түйе, 1 193,3 мың бас құс болды [8, 9].

Олардың табиғи аймақтар бойынша орналасуын талдау ірі қара малдың 100,9 мың бас (28%) ортаазиялық таулы аймағына, 190,3 мың бас (53,0%) тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағына, 68,1 мың бас (18,9%) шөлді аймағына тиесілі екенін көрсетті. Қой мен ешкі санының басым бөлігі алғашқы екі аймаққа келеді.

Ортаазиялық таулы аймағында – 676,9 мың бас (25,9%), тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында – 1 410,1 мың бас (54%) орналастырылған, ал отарлы мал шаруашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайы бар шөлді аймақта 523,4 мың бас қой бар, бұл олардың жалпы санының 20,1%-ын құрайды.

Ұқсас жағдай жылқы басын орналастыруға тән. Жылқы басының 81%-дан астамы алғашқы екі аймаққа келеді, ал шөлді аймақта тек 18,5%-ы ғана ұсталады. Ортаазиялық таулы аймақта 30 мың бас (25,6%), тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында 65,3 мың бас (55,8%) болды.

Облыста құс саны 1 193,2 мың басты құрады. Олардың орналасуы: ортаазиялық таулы аймақта 245,3 мың бас немесе 20,5 %, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында – 770,7 мың бас (64,6 %) және шөлді аймақта – 177,2 мың бас (14,9%) болды.

Халықтың тамақ өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыруда мал шаруашылығы саласының өнімдері маңызды орын алады. 2018 жылы ет өндірісі 65 350 тоннаны құрады, оның 49,3% – сиыр еті, 27,1% – қой еті, 11,3% – жылқы еті, 6,4% – құс еті. Олардың табиғи аймақтар бойынша өндірісін талдау өнімнің жартысынан астамы тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағына тиесілі екенін көрсетті. Атап айтқанда, ет өндірісіндегі аймақтың үлесі оның түрлері бойынша: сиыр еті – 54,2%, қой еті – 51,6%, жылқы еті – 53,2 %, құс еті – 73% құрады.

Бірінші: ортаазиялық таулы аймақтың салмақты үлесі сиыр етін өндіруде – 31,2%, қой етін өндіруде – 28,0%, шошқа етінде – 25,6%, жылқы етінде – 31,6%, құс етінде – 3%-ды құрады.

Тағамға қажетті ең маңызды өнім – сүт. Оның өндірісі облыс бойынша 303 626 тоннаны құрады, оның ішінде 168 314 тонна немесе 55,4%-ы екінші аймақта, 93 843 тонна немесе 30,9%-ы бірінші аймақта, 41 468 тонна немесе 13,7%-ы шөлді аймақта өндірілді. Әр сиырдан бір жылда облыс көлемінде 2 714 кг сүт өндірілді. Табиғи аймақтар мен әкімшілік аудандар бойынша оның талдауы тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында 3 185 кг және ортаазиялық-таулы аймақта 3 282 кг сүт сауылғанын көрсетсе, үшінші (шөлді) аймақта төмен және 1 706 кг құрады.

Сатылатын малдың орташа тірі салмағында айтарлықтай айырмашылықтар қалыптасты. Облыс бойынша ірі қара мал бойынша орташа көрсеткіш 352 кг болса ортаазиялық таулы аймағында 308 кг, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында 372 кг, шөлді аймақта 300 кг құрады.

Союға сатылатын қойдың тірі салмағының айырмашылығы аз. Тауықтың жұмыртқалаушылық көрсеткіші төмен. Оның орташа көрсеткіші облыс бойынша 171 жұмыртқа болса, ортаазиялық таулы аймағында 130, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында – 180 және шөлейт аймақта – 100 жұмыртқа құрады.

Табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін орналастыруды дамыту және мамандандыруды тереңдету жоғары тиімділікке қол жеткізу, яғни аз шығындармен қажетті өнім өндіру мақсаты көзделеді. Бұған өзіндік құны

төмен, өткізу бағасы жоғары және өндіріс рентабельділігінің жоғары деңгейі бар өнім өндіру кезінде қол жеткізіледі. Тиісінше, аталған көрсеткіштер бойынша талдау жүргізілді.

Талдау облыс бойынша сойыс салмағындағы ірі қара мал етінің өзіндік құны 72 209 теңгені құрағанын көрсетті. Бұл ретте табиғи аймақтар бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалады. Сиыр етінің ең жоғары өзіндік құны шөлді аймақта – 89 853 теңгені құрады, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол 75 210 теңге болды, ортаазиялық таулы аймағындағы ең төмен, өзіндік құны – 58 791 теңге.

Сүт өндірісінің өзіндік құнында сондай-ақ табиғи аймақтар бойынша айырмашылықтар бар. Ол тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағындағы 6 848 т/ц құрап шөлді аймақта 10 947 т/ц көтерілді, ал ортаазиялық таулы аймақта оның өндірісі 7 609 т/ц болды.

Облыста қой шаруашылығы дамыған, демек, сала өнімдерін өндіруді арзандату айтарлықтай маңызды. Облыс бойынша сатылған қойдың өзіндік құны оның табиғи аймақтар бойынша айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол көрсеткіш облыс бойынша 80 966 т/ц болды; тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағындағы қойдың өзіндік құны 93 116 т/ц, ортаазиялық таулы аймағындағы орташа өзіндік құны 91 725 т/ц болды, ал шөлді аймақта шығындар 69 002 т/ц деңгейінде болды.

Өнімнің өзіндік құнындағы мұндай күрт айырмашылық шошқа шаруашылығы саласында байқалмайды. Облыс бойынша сатылған шошқа етінің өзіндік құны 54 970 т/ц құрады, аймақтар бойынша шамалы ауытқулары бар: ортаазиялық таулы аймағында ол орта көрсеткіштен жоғары болды (54 299 т/ц), тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында – 52 800 т/ц құрады.

Талдау шалғайдағы мал шаруашылығының кейбір салаларының өнімдері өндірісінің өзіндік құнының табиғи жағдайларға тәуелділігінің болуын көрсетті. Бұл қой, жылқы, түйе сияқты салаларға тән. Атап айтқанда, жылқы етінің өзіндік құны да табиғи белгілері бойынша, қой еті сияқты ерекшеленеді. Ол ортаазиялық таулы (59 799,8 т/ц) және шөлді аймақтарда (60 192 т/ц) төмен және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында (72 470 т/ц) жоғары болды, ал облыс бойынша сатылған еттің орташа өзіндік құны 65 956 т/ц құрады.

Түйе шаруашылығымен ортаазиялық таулы аумақтан басқа екі аймақта айналысады. Облыс бойынша өткізілген түйе етінің өзіндік құны 66 685 т/ц болғанда, ол

## Аграрная политика: механизм реализации

аймақтар бойынша ерекшеленді: тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол 75 700 т/ц, шөлді аймақта – 58 476 т/ц құрады.

Облыс бойынша 1 000 дана жұмыртқаның өзіндік құны 13 735 т болды. Шөлді аймақта өндіріс шығындары жоғары болды және 1000 дана жұмыртқаға 16 482 теңгені құрады, тау бөктерінде – шөлді-дала аймағында өзіндік құны 12 533 теңгені құрады.

Жалпы мал шаруашылығының барлық салаларында өндіріс рентабельді. Рентабельділік деңгейі өнім түрлері бойынша да, өңірлер бойынша да ерекшеленеді. Мал шаруашылығында облыс бойынша ет өндірісінің пайдалылық деңгейі 19,2%-ды құрады, ал шөлді аймақта 15,0%-ға дейін төмендеді, ортаазиялық тау аймағында 31%-ға дейін өсті.

Рентабельділік деңгейіндегі айырмашылық ауқымы әкімшілік аудандарда көп. Осыған ұқсас жағдай басқа салаларда да қалыптасты. Ең төмен тиімділікпен құс шаруашылығының дамуы сипатталады.

Өндіріс тиімділігін жан-жақты бағалау үшін мал мен құс өнімділігінің, өнімнің

өзіндік құны мен бәсекеге қабілеттілігінің индекстері есептелді және талданды.

Облыс бойынша мал мен құстың өнімділік индексі талдау ірі қара малды өсіру үшін ең қолайлы аймақ тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағы болып табылатынын көрсетті. Ет және сүт өнімділігінің индекстері тиісінше 1,06 және 1,17 құрады. Ортаазиялық таулы аймақта бұл көрсеткіштер біршама төмен (0,88). Сүт өнімділігі индексі 0,63 құрады.

Қой шаруашылығын дамыту үшін екі аймақта қолайлы жағдай бар: Ортаазиялық таулы және шөлді. Оларда қой өнімділігінің индексі 1,05 құрады, ал тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол төмен болды және 0,97 құрады. Шошқа шаруашылығы тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағында жақсы дамиды, онда өнімділік индексі 1,07 болды.

Жылқыларды өсірумен үш аймақта айналысуға болады, сонымен қатар шөлді аймақта өнімділік индексі 1-ден төмен және 0,93 құрады. Құс шаруашылығын шөлді аймақты қоспағанда, екі аймақта дамыту керек (2 кесте).

2 кесте – 2018 жылғы Жамбыл облысындағы мал мен құс өнімділігінің индексі

Аймақ	Аудан	Ірі қара мал (ет)	Сыыр (сүт)	Қой мен ешкі (ет)	Қой (жүн)	Шошқа	Жылқы	Түйе	Құс (ет)	Құс (жұмыртқа)
Облыс	Байзақ	0,93	1,17	0,97	1,10	0,63	0,99	1,03	1,00	1,25
	Жамбыл	0,72	0,94	1,05	0,90	0,73	0,81	0,99	0,86	1,24
	Жуалы	0,88	0,88	1,05	1,14	0,85	1,00		1,00	0,76
	Қордай	1,06	1,26	0,87	1,57	1,07	1,03		1,38	1,05
	Т. Рысқұлов	0,87	1,13	1,03	1,38	1,06	0,98		0,95	0,64
	Мерке	1,32	0,97	1,05	1,38	0,78	1,11		0,95	0,28
	Мойынқұм	0,85	0,98	1,05	0,81		0,93	1,03	0,95	0,57
	Сарысу	0,88	0,63	1,00	0,67	0,59	0,90	0,99	0,76	0,98
	Талас	0,99	0,49	1,00	0,81	0,73	1,07	0,99	0,95	0,87
	Шу	1,11	0,94	0,95	0,71	0,94	1,16		1,33	0,94
Тараз қаласы	0,74	1,06	1,03	0,71	0,81	0,90		1,19	0,64	
Облыс бойынша жиыны		1,0	1,00	1,00		1,00	1,00		1,00	1,00
Ортаазиялық-таулы		0,88	0,88	1,05	1,14	0,85	1,00		1,00	0,76
Тау бөктеріндегі шөлді-дала		1,06	1,17	0,97	1,33	1,07	1,03	0,99	1,05	1,05
Шөл		0,85	0,63	1,05	0,81		0,93	1,03	0,95	0,58

Өнімнің өзіндік құнының индексі талдау кезінде оның басқалардан бір ерекшелігін ескеру қажет. Өзіндік құн индексі оның деңгейімен үйлеседі. Егер өнімнің

төмен өзіндік құны тең мәнділік кезінде оның сапа көрсеткіштері оны өндірудің неғұрлым жоғары тиімділігін қамтамасыз етсе, өзіндік құн индексінің төмен көр-



шетелдердің базарларында жеміс-көкөніс өнімдері мен көкөніс дақылдарының өнімдеріне сұраныс өте маңызды болып қалуда. Сыртқы нарықтарда мал шаруашылығы өнімдеріне сұраныс зор. Ресурстық әлеуетті, ерекше жер және еңбек ресурстарын, азық-түліктік тәуелділікті пайдаланудың төмен деңгейін еңсеру және бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу Ауыл шаруашылығын дамытудағы басымдықтарды айқындау және басымдықтарды іске асыруды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын әзірлеу қажеттілігін болжайды.

Жамбыл облысы үшін ресурстық әлеуетті ұтымды пайдалануды, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін жетекші салаларды таңдау арқылы ауыл шаруашылығын жедел дамыту басым болуы тиіс.

Табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығының орналасу жай-күйін, факторлардың жиынтығы бойынша оның тиімділігін зерттеу барысында ауыл шаруашылығының перспективалық салаларын негіздеуге және олардың 2030 жылға дейін даму болжамын беруге мүмкіндік берген нәтижелер алынды.

Мал шаруашылығының қарқынды дамуы құрама жем өнеркәсібін дамыту үшін алмастырылмайтын шикізат болып табылатын құнарлы азыққа және жүгері дәніне сұранысты арттырады. Қант қызылшасы өз уақытында облыс үшін дәстүрлі дақыл және оның дамуы экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болды. Облыстың суармалы жерлерінде көкөніс және бақша дақылдарын өсіру экономикалық жағынан тиімді, олар экологиялық таза өнім өндіру технологиясын игеру мүмкіндігін қоса алғанда, сапасы жағынан жоғары стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

#### Тұжырымдар.

1. Мамандану жағдайын бағалау үшін табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын орналастыруға талдау жүргізілді, ол мыналарды көрсетті. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктері негізінен ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында орналасқан.

Облыстың табиғи жағдайлары көкөніс және бақша дақылдарын өсіруге және жеміс дақылдары мен жүзімді өсіруге қолайлы.

2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілеттілік индексі талдау нәтижелері ортаазиялық таулы аймағы астық, оның ішінде бидай мен арпа, жүгері, қант қызылшасы, тау бөктеріндегі шөл дала аймағы жүгері, көкөніс пен қант қызылшасы

дәнін өндіру үшін қолайлы екенін көрсетті. Дәнін алуға өңделетін осы аймақтағы жүгерінің бәсекеге қабілеттілік индексі – 1,29, сондай-ақ көкөністердікі – 1,23.

3. Облыстың табиғи-климаттық жағдайлары мал шаруашылығының барлық салаларын дамытуға мүмкіндік береді.

4. Өнімнің жекелеген түрлерінің бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық индексі талдау ірі қара малды дамыту үшін екі табиғи аймақ қолайлы екенін көрсетті – ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала, шөлді аймақта бұл саланы дамыту қажет емес, қой шаруашылығы мен жылқы шаруашылығын барлық табиғи аймақтарда дамытуға болады, бірақ қой шаруашылығы үшін ең қолайлы шөлді аймақ болып табылады, жылқы шаруашылығы үшін тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағының қолайлылығы төмен, ал шошқа шаруашылығы үшін осы аймақ қолайлы.

Түйе шаруашылығын шөлді аймақта, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында дамытқан жөн.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Мадиев, Г.Р. Макроэкономические механизмы и инструменты регулирования индустриально-инновационного развития АПК РК [Текст]: монография / Г.Р. Мадиев, У.К. Керимова, А.Т. Есполов [и др.]. - Алматы: Изд-во «Ғылым ордасы», 2017. – 573 с.

2 Керимова, У.К., Айтмуратова, А. Пути увеличения экспорта ориентированной сельскохозяйственной продукции в Казахстане [Текст]: материалы науч-практич. конференции «Повышение эффективности социально-экономической деятельности государства и международных отношений в условиях обеспечения конкурентоспособности». – Алматы: Университет Нархоз, 2019.- С.30-34.

3 Ахметов, К.А. Системная оценка ресурсного потенциала сельского хозяйства на основе корреляционно-регрессионного анализа и моделирования производственными функциями [Текст] / К.А. Ахметов, Г.Р. Мадиев, А.Б. Бекбосынова //Проблемы агрорынка.- 2019.- №3.- С.58-67.

4 Мадиев, Г.Р., Бекбосынова, А.Б. Методические подходы к оценке использования ресурсного потенциала сельскохозяйственного производства [Текст]: материалы XIII международ. науч-практич. конференции «Проблемы экономики, организации и управления в России и в мире».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- С.78-82.

5 Бекбосынова, А.Б. Ресурсный потенциал сельского хозяйства и факторы его эффективного использования [Текст]: материалы XIII международ. науч-практич. конфе-





ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ОТРАСЛИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ  
АДАМИ КАПИТАЛ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕР

HUMAN CAPITAL IN AGRICULTURAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
CURRENT TRENDS

**Ж.С. БУЛХАИРОВА**<sup>\*1</sup>

*доктор PhD*

**Г.Т. КУНУРКУЛЬЖАЕВА**<sup>2</sup>

*К.Э.Н.*

**А.Ж. ИБРАШЕВА**<sup>2</sup>

*магистр экономических наук*

<sup>1</sup>Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан,

<sup>2</sup>Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*honeyzhu@mail.ru*

**Ж.С. БУЛХАИРОВА**<sup>1</sup>

*PhD докторы*

**Г.Т. КУНУРКУЛЬЖАЕВА**<sup>2</sup>

*Э.Ф.К.*

**А.Ж. ИБРАШЕВА**<sup>2</sup>

*экономика ғылымдарының магистрі*

<sup>1</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>Қ. Жұбанова атындағы Ақтөбе аймақтық университеті, Ақтөбе, Қазақстан

**ZH.S. BULKHAIROVA**<sup>1</sup>

*PhD*

**G.T. KUNURKULZHAJEVA**<sup>2</sup>

*C.E.Sc., Associate Professor*

**A.ZH. IBRASHEVA**<sup>2</sup>

*Master of Economic Sciences*

<sup>1</sup>S. Seifullin University, Nur-Sultan, Kazakhstan,

<sup>2</sup>K. Zhubanova Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

---

Аннотация. Исследовано сложившееся состояние развития человеческого капитала в сельском хозяйстве Республики Казахстан. В настоящее время именно потенциал человеческих резервов индуцирует инновации в науке и производственных технологиях, что вызывает необходимость усиления требований к профессиональной подготовке работников. Выявлено, что особенности человеческих ресурсов в АПК обусловлены спецификой отрасли и особенностями воспроизводственного процесса в ней. Проанализировано влияние количества зарегистрированных производителей сельскохозяйственной продукции на занятость в аграрном секторе экономики. Показано, что, несмотря на тенденцию роста сельхоформирований в республике, решение проблемы трудоустройства остается актуальным и своевременным, хотя в последние годы она значительно уменьшилась. На динамику снижения занятого населения в аграрной сфере сказывается низкий уровень заработной платы; сокращение общей занятости; переток трудоспособных жителей из сельских территорий в города. Авторы отмечают, что человеческий фактор в аграрном производстве не может рассматриваться изолированно от комплекса задач экономического, социального и организационного характера. Дан анализ добавленной стоимости в агропромышленном комплексе на одного работника в различных странах, который свидетельствует, что Казахстан занимает лишь пятьдесят пятое место среди других государств мира. Исследования позволили сделать выводы о неудовлетворительной структуре использования человеческого капитала в аграрном секторе, невысоких затратах на содержание рабочей силы, неэффективном ее использовании на рынке труда.





Изменение роли человеческого капитала, расширение его структуры и функций, превращение из затратного фактора в основной производительный и социальный фактор развития и функционирования современного общества стимулируют формирование новой парадигмы развития.

Сегодня возникает необходимость в проведении более глубоких исследований в сфере воспроизводства и развития человеческого капитала, определения социальных приоритетов. Население сельских территорий, деятельность сельхозформирований требуют более глубокого анализа и оценки мотивации, мобильности трудовых ресурсов, потенциала их уровня развития. Это стало приоритетом одной из важнейших отраслей экономики – сельского хозяйства [3].

### **Материалы и методы исследования.**

Методологическую основу данного исследования составили основные положения теории в области человеческого капитала, результаты теоретических и прикладных исследований по проблемам развития человеческого капитала в сельском хозяйстве и их эффективного использования в целях максимизации прибыли и снижения затрат. В исследовании применялись частные приемы экономического познания: экономико-статистические группировки, сравнительный метод, методы экспертных оценок, аналогий, математической статистики, экономико-математические и др.

Данное исследование сосредоточено на оценке современного состояния человеческого капитала в сельском хозяйстве и его влияния на агробизнес. Для оценки человеческого капитала применялись методы научного обобщения и классификации, метод системного анализа. Наряду с общенаучными методами применялся статистический анализ, который использовался для количественной и качественной оценки человеческих ресурсов, для выявления тех процессов, которые не учтены, и определения наиболее значимых категорий, дающих полную информацию о состоянии и развитии человеческого капитала в сельском хозяйстве. Необходима разработка мер регулирования и более эффективного использования человеческого капитала в сельском хозяйстве.

**Результаты и их обсуждение.** На современном этапе многие авторы считают, что человеческий капитал в сельском

хозяйстве – это способность работающего в этой сфере трудоспособного населения производить продукты питания и сельскохозяйственное сырье [4].

Характеристики человеческого капитала в сельском хозяйстве обусловлены спецификой отрасли и особенностями воспроизводственного процесса в ней. Прежде всего, следует отразить современное состояние и уровень человеческого капитала в сельском хозяйстве, обусловленные тенденциями его развития.

На рисунке 1 представлено количество зарегистрированных производителей сельскохозяйственной продукции на 1 июля 2019 года.

Согласно данным Комитета по статистике МНЭ РК, количество действующих юридических лиц РК в сельском хозяйстве в 1999 г. было 8 568 юридических лиц, а в 2018 г. – 12 420 [см.4]. Данные рисунка на 1 июля 2019 г. показывают, что наибольшее количество юридических лиц в сфере АПК – в Туркестанской области 3 731, Алматинской – 1 986 и Акмолинской – 1878. Касательно крестьянских (фермерских) хозяйств, высокая численность зарегистрирована на территории Туркестанской и Алматинской областей.

Однако, несмотря на тенденцию роста сельхозформирований в Республике Казахстан, проблема занятости в сельском хозяйстве остается актуальной [6] (рисунок 2).

Согласно данным рисунка 2, в последние годы занятость в сельском хозяйстве значительно уменьшается, в сравнении с 2014 г. в 2018 г. сократилась на 4,8 % структура занятости. В основном на динамику снижения занятого населения в аграрном секторе экономики оказывают влияние следующие факторы [см.6; 7]:

- невысокая заработная плата. Например, за январь-июль 2019 г. среднемесячная номинальная заработная плата одного работника составила 102 970 тенге, а в среднем по республике – 177 256 тенге;
- сокращение общей занятости на 1,2%;
- переток трудоспособного населения из сельских территорий в город, что приводит к перекосам на региональных рынках труда.

При анализе добавленной стоимости сельского хозяйства на одного работника в разрезе стран (таблица 1) можно увидеть, что Казахстан занимает 55-е место среди других стран мира.

















жет обратиться за помощью в информационно-консультационную службу.

2. Объективность информации и консультаций. ИКС обеспечивает сельхозпроизводителей объективной информацией на основе научно-исследовательских работ и практического опыта.

3. Непосредственный обмен информацией между специалистами ИКС и сельхозпроизводителями имеет значительно большее значение, чем ее распространение.

4. Адаптация к изменяющимся потребностям аграрного бизнеса. ИКС может быстро приспосабливаться к изменяющимся информационным потребностям сельхозпроизводителей, так как это обеспечивается их тесным взаимодействием (обратная связь).

5. Сельхозпроизводители, их кооперативы, объединения и другие организации имеют возможность контролировать систему сельскохозяйственных знаний.

6. Научная составляющая ориентирована на потребности практики, необходимость внедрения новых знаний и передовых технологий.

7. Учебные заведения профильного направления на постоянной основе поддерживают образовательный уровень потребителей знаний, позволяющий воспринимать все новое.

8. ИКС тесно взаимодействуют или создаются на базе опытно-экспериментальных станций, высших учебных заведений, научно-исследовательских институтов и опытных хозяйств, что позволяет адаптировать научные разработки к полевым условиям, а сельхозпроизводители имеют возможность ознакомиться с ними в процессе внедрения и оценить их эффективность.

9. Работники службы внедрения имеют частые прямые контакты с сельхозпроизводителями непосредственно у них в хозяйствах.

10. Неформальные связи между специалистами исследовательских, учебных и внедренческих структур имеют такое же важное значение, как и формальные.

11. Эффект достигается тогда, когда все небольшие по территории регионы и районы страны имеют структурные подразделения по предоставлению сельскохозяйственных знаний (учебные заведения профильного направления, опытные станции и хозяйства, информационно-консультационные центры и др.) [3, 4].

По нашему мнению, вышеперечисленные факторы возможно дополнить такими, как проведение обучения и демонстрация

инновационных технологий непосредственно в хозяйствах с целью определения правильности использования полученных навыков и умений.

Все перечисленные факторы были выявлены в хорошо функционирующих системах сельскохозяйственных знаний, внесших значительный вклад в развитие сельскохозяйственного производства своих стран, например, США, Голландия, Австралия и Израиль. В странах, где служба внедрения и система сельскохозяйственных знаний развиты слабо эти факторы отсутствуют. Данные факторы могут послужить основой для создания системы критериев эффективности деятельности информационно-консультационной службы, оказывающей влияние на развитие сельскохозяйственного производства [5].

Для оценки экономической эффективности влияния ИКС на развитие сельскохозяйственного производства использовать данный подход затруднительно в связи с рядом ее характерных особенностей: во-первых, не весь труд работников ИКС ведет к увеличению стоимости конечного продукта; во-вторых, не все затраты на информационно-консультационное обслуживание могут быть вычленены из издержек производства и в-третьих, деятельность информационно-консультационных служб зачастую приводит к экономии затрат, снижению потерь и т.д.

Существуют различные подходы к оценке экономической эффективности деятельности информационно-консультационного обеспечения, оказывающего влияние на сельскохозяйственное производство:

- по объему информационно-консультационной деятельности;
- экономическим результатам непосредственных пользователей услуг информационно-консультационной службы;
- оценке эффективности деятельности службы со стороны потребителей услуг.

Специфика информационно-консультационной деятельности состоит в том, что не всегда результат проявляется быстро и находит достаточное финансовое или материальное отражение. В свою очередь, описанные методы имеют недостатки: они сложны в практическом применении и не могут охватить всего многообразия информационно-консультационного воздействия на сельскохозяйственное производство [6].

Экономический эффект от деятельности ИКС образуется у сельскохозяйственных производителей в виде разницы между









территорий [Текст] / А.Н. Арефьев // Инновации и инвестиции.- 2015.- № 6.- С. 278-280.

8 Программа развития территории Павлодарской области на 2017-2020 годы // Утверждена решением сессии Павлодарского областного маслихата (XLVI сессия, V созыв) от 10 декабря 2016 года № 398/46).- 2016.- (<https://pavlodar.gov.kz/programma-razvitija-territorii-pavlodarskoj-oblasti/>).

9 Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы [Текст]. – Астана, 2017. – 160 с.

10 Данные Комитета по статистике МНЭ РК.- 2019.- (<http://stat.gov.kz/>).

**Spisok literatury**

1 Amirova, M.A. Jeffektivnost' informacionno-konsul'tacionnogo obespechenija sel'sko-hozjajstvennogo proizvodstva: teoretiko-metodologicheskie aspekty [Текст] / M.A. Amirova, L.I. Kashuk, A.R. Soltangazinov //Problemy agropylnka. – 2018. - №1. - S. 61-65.

2 Mirzoeva, S.A. Osobennosti formirovanie i razvitie sistemy informacionno-konsul'tacionnogo obespechenija APK na regional'nom urovne [Текст] / S.A. Mirzoeva // Jekonomika v promyshlennosti. – 2016 - № 2. – S. 153-160.

3 Narynbaeva, A.S., Hamitova, Z.V. Informacionno-konsul'tacionnoe obespechenie dejatel'nosti sel'hoztovaroproizvoditelej v regione [Текст]: materialy mezhdunarod. nauch.-prakt. konferencii. - Barnaul: Altajskaja laboratorija SibNIIJeSH SFNCA RAN, 2018.- S. 119-121.

4 Kotans, S.S. Formirovanie jeffektivnoj struktury informacionno-konsul'tacionnoj sluzhby regiona [Текст] / S.S. Kotans // Fundamental'nye issledovanija.- 2015.- № 2.- Ch.10.- S. 2207-2212.

5 Kushnareva, I.G. Razvitie rynka informacionno-konsul'tacionnyh uslug regiona v sisteme prodovol'stvennogo obespechenija regiona [Текст] / I.G. Kushnareva [i dr.] // Vestnik Zabajkal'skogo gosudarstvennogo universiteta. - 2015. - № 6. - S. 118-127.

6 Shafieva, Je.T. Vlijanie informacionno-konsul'tacionnoj sluzhby na ustojchivoe razvitie APK regiona [Текст] / Je.T. Shafieva // Nauchno-metodicheskij zhurnal NovalInfo - №57. – 2016.- Т. 4 - Jekonomicheskie nauki. - S. 140-145.

7 Aref'ev, A.N. Informacionno-konsul'tacionnoe obsluzhivanie APK kak mehanizm vlijanija na ustojchivoe razvitie sel'skih territorij [Текст] / A.N. Aref'ev // Innovacii i investicii.- 2015.- № 6. – S. 278-280.

8 Programma razvitija territorii Pavlodarskoj oblasti na 2017-2020 gody // Utverzhdena resheniem sessii Pavlodarskogo oblastnogo maslihata (XLVI sessija, V sozyv) ot 10 dekabrja 2016 goda № 398/46).- 2016.- (<https://pavlodar.gov.kz/programma-razvitija-territorii-pavlodarskoj-oblasti/>).

9 Gosudarstvennaja programma razvitija agropylnnogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017-2021 gody [Текст]. – Astana, 2017. – 160 с.

10 Dannye Komiteta po statistike MNJe RK.-2019.-(<http://stat.gov.kz/>).







Саланың дамуына мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың азаюы, материалды-техникалық қамтамасыз етудің бұрынғы жүйесінің бұзылуы, өнімге бағалардың теңсіздігі, жаңару мүмкіндігінің төмен болуы, қаржылық жетіспеушілік, ескірген қорлар мен ауқымды ресурсты қажет ететін технологиялардың аз болуы және т.б. факторлар кері әсерін тигізді.

Қазақстанда құс шаруашылығын дамытудың экономикалық тетіктерін зерттеу, оның қалыптасуы мен дамуы, бағалауы мен болжаудың ғылыми негізделген тұрғыда жасалуын талап етеді. Мәселенің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы, сондай-ақ оның ғылыми зерттеудің жеткіліксіз болуы бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды қажет етеді.

Мұның барлығы құс өнімі өндірісінің азық-түлік нарығындағы жоғалтып алған орнын қалпына келтіруін, ең бірінші, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы қол жеткізілуін талап етеді. Нарықтық өзгермелер, Қазақстан экономикасы ашықтығының артуы, жаһандандудың әсері құс өнімі өндірісі кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруді қажет етеді.

Бұл мақсаттың жүзеге асырылуы келесі міндеттердің шешімін табуы қажет етеді: елімізде құс шаруашылығының орнын және құс өнімі өндірісі құрылымын, оның экономикалық тетіктерінің мән-мазмұнын анықтау және даму бағыттарын нақтылап, жетілдіру жолдарын зерттеу болып табылады.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Қазақстанда құс шаруашылығын дамытудың экономикалық тетіктерінің мәселелерін қарастыру кезінде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, ауыл шаруашылығы саласындағы заңнамалық актілердің, бағдарламалық құжаттар мен Үкіметтің қаулыларының, атап айтқанда, құс шаруашылығының әдіснамалық және құқықтық негіздеріне сүйеніп отырды. Таңдалған тақырыпты зерттеуде жүйелік талдау тәсілдерін, абстрактілі-логикалық, экономикалық-статистикалық әдістерді, экономикалық-математикалық модельдеуді, монографиялық және сараптамалық бағалау қолданылды.

Құс еті өнімдерінің ішкі кешенінің одан әрі тиімді дамуын интеграциялық үдерістерді жандандыру, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қолдау тетігін жетілдіру, құс саласының өндірістік әлеуетін қалпына келтіру, нығайту және арттыру үшін инновациялық құрамдастарды енгізу арқылы қамтамасыз етуге болады.

Құс шаруашылығын дамытудың экономикалық тетігінің тиімділігі әдіснамасын зерттеу өндірістік құс шаруашылығына қатысты оның сапалық және сандық жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштердің маңызды сипатын ашпайды.

Халықты құс шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейін бағалау кезінде азық-түлік өнімдерінің қажетті көлемін алуға сәйкестігі тұрғысынан елдің аталған саланың әлеуетін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі қолданылды.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Құс өсіру – ауыл шаруашылығының ерекше саласы ретінде маңызды орын алады және халықтың сұранысын қажетті сатылатын өніммен толық қамтамасыз етіп қанағаттандыра алады. Сонымен қатар, Қазақстанда құс өндірісінің тиімді жұмыс жасауы үшін саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бизнесті жүзеге асыру тетігін енгізу, қолданылатын ресурстардың ұтымды амалдарын және оларды тиімді бөлу мен дамушы технологияларды енгізу қажет. Ал бәсеке өндірістің тиімділігін арттыра түседі. Сол себепті, құс өнімі кешенінде, сонымен бірге жеке шаруашылықтарда, жалпы алғанда саланың толықтай бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстанда үй құстары ет, жұмыртқа, мамық, қауырсын берумен бірге, ол органикалық тыңайтқыштармен (құс қилары) қамтамасыз етеді. Сала өнімдері – арзан ақуызды тағамдардың негізгі көздерінің бірі екендігі белгілі. Республикада ауыл шаруашылық құстарынан: тауықтар, күркетауықтар, қаздар, үйректер өсіріледі. Бұдан басқа, гвинея құсы, бөдене, қырғауыл және басқа да құстардың түрлерін өсіру жұмыстары жүргізілуде.

А.Молдашев пен Г. Никитинаның пікірінше, ет өндірісінің кіші жүйесі өзін-өзі қамтамасыз ете алмайды. Бұл әсіресе құс етін өндірудің ішкі жүйесіне қатысты, бұл нарықтың маңызды үлесі (51,7%) импортын құрайды [1].


Қазақстанда қазіргі кезеңде мал шаруашылығының ішкі жалпы өніміндегі құс шаруашылығының үлесі 57% деңгейінде болса, ал мал ақуызын өндіруде 34%-ды құрайды. Құс еті өндірісіндегі шаруа (фермерлік) және үй шаруашылықтарының үлесі 6%-ды, ал жұмыртқа өндіруде 25%-ды құрайды [2,3].

Өз кезегінде бәсекелестіктің негізгі мақсаты – тұтынушыға талас, оның сұранысын барынша қанағаттандыру және нәтижесінде мемлекет құс өнімі кешенінің

экономикалық тиімділігінің өсуіне қол жеткізу. Бұл жетістікке әрине өндіріске қарқынды ресурстарды үнемдеу өндіріс технологияларын енгізу негізінде бәсекеге қабілетті өнімдер шығару арқылы, республика тұрғындарын жұмыртқа мен құс етімен толық қамтамасыз ету, сондай-ақ, әлемдік нарықты дамытудың нақты перспективаларын ескере отырып, экспортқа құс еті өнімдерін жеткізу көлемін ұлғайту сынды жұмыстар арқылы қол жеткізуге болады [4,5].

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2018 жылы 4 474,1 млрд.теңгені құраса, бұл 2015 жылғы

көрсеткіштен 35,3 пайызға жоғары, соның ішінде өсімдік шаруашылығы – 2 411,5 млрд. теңге (32,1%), мал шаруашылығы 2 050,5 млрд.теңгені (39,5%) құрады. Еліміздегі жұмыс істеп келген және жаңадан салынған өндіріс қатарының тұтас технологиялық кезеңін құратын мамандандырылған құс өсіру кәсіпорындары мен құс фабрикаларын жаңарту және қайта құруымен, сонымен қатар құс шаруа қожалықтары мен жеке шаруашылықтардың дамуымен республика бойынша 2005-2019 жылдар аралығында құс басының саны 39,9 млн басқа дейін өсті (1 сурет).



Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері мен авторлардың сараптамалық зерттеулері негізінде есептелген

1 сурет – Қазақстан Республикасындағы құс саны мен жұмыртқа өндіру серпіні

1 суретте 2005-2018 жылдар кезеңінде жұмыртқа өндірісінің 2 826,3 млн. данаға немесе 24 пайызға өскен қарқыны байқалады. Сонымен бірге, елде 2018 жылы 2005 жылмен салыстырғанда құс басы 19,2 пайызға немесе 6 439,5 мың басқа артып отыр. Құс фабрикалары мен кәсіпорындарында құс еті мен жұмыртқа өндірісінің көлемінің 2005-2018 жылдар аралығында жоғарылауының негізгі себептері – осы саланың шаруашылықта тартымдылығы мен еліміздегі осы бағыттағы жүргізілген экономикалық саясатының дұрыс бағытта болуына байланысты.

Мұның бәрі, өз кезегінде, қысқа мерзім ішінде құс өндірісі кешенінің экономикалық тиімді жүйесін құруға мүмкіндік жасады, ол барлық деңгейлерде құс өндірісін бірыңғай басқару құрылымын ұсынды (республикалық, облыстық және құс өндірісін құру).

Экономиканың аграрлық саласын өнеркәсіптік негізге көшіру арқылы адамның биологиялық объектілерге әсер етуі, өндірістің техникалық және ұйымдастырушылық-экономикалық факторлары артып, оның табиғи жағдайларға тәуелділігі азаяды [6].

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы жұмыртқа экспорты мен импортының серпіні оң үдерісте екендігі ауыл шаруашылығының келешектегі дамуының тиімділігіне әсер ететіні анық (2 сурет).

2 суретте 2018 жылы Қазақстан Республикасына 86,7 млн данадан астам жұмыртқа сырттан жеткізілген, яғни тұтынатын жұмыртқаның 2,2%-дан астамы импорттық өнімдер болып отыр. Алайда 90-жылдардағы реформалардан кейін елде теріс үрдіс – құс өндірісінің төмендеуі болған. 2005 жылдан құс өндірісінің өсуіне қарамастан, ішкі нарықта құс етінің көп

## Экономический механизм хозяйствования

бөлігі бұрынғыша импортталатын өнім болып табылады. Қазақстандық құс етіне деген жалпы сұраныс 300 мың тоннаны құрайды. 2014-2018 жылдар аралығындағы Қазақстанда ет өнімдері импортының ең үлкен көлемі 2014 жылы 192,2 мың тонна ет өнімдерін құрады, бұл бағамен есеп-

тегенде 225,8 млн АҚШ долларын құрайды. АҚШ-тағы 1 кг тауық аяқтарының бағасы 2,6 -2,7 АҚШ долларын немесе 700-870 теңгені құрайды (2017ж.), ал 2018 жылғы қаңтарда импортталатын құс етінің 1 кг (франко келісілген портта) - 0,5 АҚШ долларын немесе 175 теңгені құрады.



Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері мен авторлардың сараптамалық зерттеулері негізінде есептелген

2 сурет – Қазақстандағы жұмыртқа экспорты мен импортының серпіні (млн дана)

Осыдан, АҚШ-тан келетін құс етінің импорты қазақстандық нарыққа демпингтік бағалармен таралатынын айтуға болады (3 сурет). Құс шаруашылығын импорттың кеңеюі мемлекет тарапынан жеткілікті түрде қорғалмаған. Ішкі құс етінің орташа тұтыну бағасы 750-1 500 теңге, ал импорт 700-870 теңгені құрайды. Демек, нарықтағы делдалдар құс етінің импорттауына мүдделі,

себебі оларды импорт еті ішкі нарыққа қарағанда әлдеқайда жоғары пайдаға кенелтеді [7].

Жүргізілген зерттеулер бүгінгі күні Қазақстандағы құс етінің өндірісі, экспорты мен импортының серпіні әлі де болса мақсатты бағытталуы керек екендігін көрсетіп отыр (3 сурет).



Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері мен авторлардың сараптамалық зерттеулері негізінде есептелген

3 сурет – Қазақстандағы құс етінің өндірісі, экспорты мен импортының серпіні, мың тонна

Құс етін өндірудің өсуі елімізде мемлекеттік қолдаудың арқасында құс өндіруші кәсіпорындар мен құс фабрикалары, сондай-ақ шаруа қожалықтары қарқынды дами бастады, бұл өз кезегінде құс өнімдері өндірісінің импортының шамалы да болса төмендеуіне әкелді. Қазақстанға арзан бағада әкелінетін құс еті импортының артуы мал шаруашылығының ең тиімді салаларының біріне зиян келтіретінін атап өту керек, бұның бірқатар келесідей жағымсыз салдары бар: өндіріс көлемінің азаюы; құс шикізатын және оның азық-түліктерін сатудың қысқаруы; халықты тамақпен қамтамасыз етудің импортқа тәуелділігі; ауылдағы жұмыссыздықтың өсуі (көптеген құс фабрикасы ауылдық жерлерде орналасқан).

Сондықтан, мал шаруашылығының импортқа тәуелділігін төмендету үшін саланы дамытудың жоғары қарқыны қажет. Құс етін өндіру көлемінің өсуі әкелінетін етті ішкі етке ауыстыру, импортты алмастыру арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үдерісін белсендіруге мүмкіндік береді [8].

